

**«Бағалы қағаздар нарығында білікті және біліктілігі жоқ инвесторларды қорғау тетіктері: инвесторлардың тәуекел бейіні мен біліктілігін бағалау қағидаттары, әдістері мен оған қойылатын талаптарды қоса алғанда, Еуроодақ заңнамасының тәжірибесі»  
зерттеу тақырыбы бойынша есепке  
аннотация**

**Зерттеудің мақсаты** Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығында білікті және біліктілігі жоқ инвесторларды оларды реттеудің қазіргі заманғы халықаралық тәсілдерін енгізу арқылы қорғау тетіктерін әзірлеу болып табылады.

**Міндеттері:**

1) инвестордың тәуекел бейіні мен біліктілігін бағалауға қойылатын қағидаттарды, әдістер мен талаптарды қоса алғанда, Еуроодақ заңнамасын зерттеу және талдау;

2) білікті және біліктілігі жоқ инвесторларды оның халықаралық практикасына сәйкестігі тұрғысынан реттеуді регламенттейтін ҚР заңнамасын зерттеу және талдау;

3) ағымдағы заңнамаға кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін нақты ұсынымдар беру.

**Зерттеу объектісі** Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы қолданыстағы заңнамасы және құқықтық мәртебені реттеудің және инвесторлардың құқықтарын қорғаудың, атап айтқанда, оны кейіннен қазақстандық заңнамаға имплементациялау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Еуроодақ заңнамасының озық практикасы болып табылады.

**Зерттеудің әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық базасы** Қазақстан Республикасының және Еуроодақ елдерінің бағалы қағаздар нарығы туралы қолданыстағы заңнамасын, осы тақырып бойынша отандық және шетелдік зерттеулердің нәтижелерін қамтиды.

**Қысқаша тұжырымдар мен ұсыныстар:**

1) Еуроодақ заңнамасына зерттеу және талдау жүргізілді, ол білікті инвестордың қазіргі қазақстандық құқықтық моделі еуропалық аналогтармен жақын екенін және сонымен бірге жұмыста көрсетілген айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Инвестордың тәуекел бейіні мен біліктілігін бағалауға қойылатын қағидаттар, әдістер мен талаптар ұсынылған. Атап айтқанда, инвестордың тәуекел-бейінін айқындауға және қаржы құралдарының табиғатын және олардың тәуекелдерін түсіну деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін тест сұрақтарының тізбесі әзірленді;

2) Білікті және біліктілігі жоқ инвесторларды олардың халықаралық практикаға сәйкестігі тұрғысынан реттеу бөлігінде қазақстандық заңнама зерделенді. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманы білікті және білікті емес инвесторлар ұғымдарын анықтау тұрғысынан зерттеу және талдау тұжырымдамалық аппарат бірқатар қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларымен реттелетінін көрсетті. Білікті және біліктілігі жоқ инвесторлар бағалы қағаздар нарығында жүзеге асыра алатын қызметтің сипаттамасы арқылы айқындалады (Заңның 5 және 5-1-баптары). Білікті инвестордың қазіргі құқықтық моделі еуропалық аналогтарға жақын. Ішкі заңнамадағы еуропалық құқықтық ой идеяларының іске асырылуын барабар бағалау үшін жұмыста

білікті инвестордың қазақстандық институтына тән айырмашылықтар көрсетілген;

3) Алғашқы екі міндетті іске асыру нәтижелері бойынша – Еуроодақ пен Қазақстан заңнамасын зерттеу және талдау – ағымдағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсынымдар әзірленді. Жеке тұлғаларды білікті инвесторлар деп тану, біліктілігі жоқ инвесторларды қорғау жөніндегі тетік, сондай-ақ біліктілігі жоқ инвесторлар үшін сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары жөнінде бірқатар ұсыныстар ұсынылды.

Сонымен бірге, зерттеу тобы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау тетігінде, сондай-ақ осы институттың тұрақты дамуы инвесторлардың брокерлік компаниялармен өзара қарым-қатынасын ресімдеудің кәсіби, этикалық және жауапты тәртібі маңызды екенін атап өтті.

Бұл қатынастарды құқықтық реттеу кезінде инвестордың мынадай негізгі құқықтарын негізге алған жөн:

- эмитенттің жағдайы, бағалы қағаздар, сауда-саттыққа қатысушылар және т. б. туралы сенімді және толық ақпаратты уақтылы алу құқығы;
- қаражатты мақсатты пайдалануды бақылау;
- инвестор мен инвестиция алған тұлға арасындағы құқықтық қатынастарға сүйене отырып, оң қаржылық нәтиже болған жағдайда пайданың бір бөлігін алу;
- құқықтарын сот немесе өзге де іс жүргізу тәртібімен қорғау мүмкіндігі;
- қор нарығында жосықсыз кәсіпкерліктен инвесторлардың шығындарын өтеу құқығы;
- заңнамаға сәйкес қор нарығының кез-келген құралдарына қол жеткізу құқығы.

### **Жетекші орындаушылар бойынша ақпарат**

1. Жоба жетекшісі – Исахова Парида Бакировна, э.ғ.д.
2. Жетекші орындаушы – Ахметов Рустам Салихович, з.ғ.к., EMBA
3. Жетекші орындаушы – Баяхметова Алия Талгатовна, э.ғ.д., ҚР БҒМ БҒСБК профессоры, DBA

### **Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды болжамды жариялауы туралы ақпарат**

Алматы Менеджмент Университеті зерттеу тобы «Бағалы қағаздар нарығында білікті және біліктілігі жоқ инвесторларды қорғау тетіктері: инвесторлардың тәуекел бейіні мен біліктілігін бағалау қағидаттары, әдістері мен оған қойылатын талаптарды қоса алғанда, Еуроодақ заңнамасының тәжірибесі» зерттеу тақырыбы бойынша 2023 жылдың екінші тоқсанына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысында зерттеу нәтижелері бойынша мақала жариялауды жоспарлап отыр.

Аталған журнал рецензияланатын және Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардың тізбесіне кіреді.